IQAA

**БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІК – IQAA**

# Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ

## 6B02303 - «ФИЛОЛОГИЯ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША АККРЕДИТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Астана - 2024**

## *САРАПШЫЛАР ТОБЫ*



**Сараптама тобының жетекшісі:**
**Айдарханова Күләш Нұрсайынқызы,** құқық және мемлекеттік басқару мектебі директорының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Нархоз университеті, Алматы қ.



**Халықаралық сарапшы:**
**Зарапина Лидия Владимировна,** Азаматтық құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, Ресей мемлекеттік Әділет университеті, Мәскеу қ., Ресей.



**Ұлттық сарапшы:**
**Есдәулетова Ардақ Мэлсқызы,** тарих ғылымдарының докторы, ЕҰУ халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры. Л. Н. Гумилева, Астана қ.



**Ұлттық сарапшы:**
**Жүсіпова Гүлназ Аппазқызы,** "Экономика, аудит, бизнес және басқару" кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының кандидаты, "Болашақ" Қызылорда университеті, Қызылорда қ.



**Ұлттық сарапшы:**
**Қияхметова Шара Әсетқызы,** «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі м.а., филология ғылымдарының кандидаты, И. Жансүгірова атындағы Жетісу мемлекеттік университеті.



**Ұлттық сарапшы:**
**Мейрамова Салтанат Акимовна,** Шет тілдері кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, А. Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана қ**.**



**Жұмыс берушілердің өкілі:**
**Ким Валентина Николаевна,** адвокат, отставкадағы судья, Маңғыстау облыстық соты, Ақтау қ.



**Студенттердің өкілі:**
**Тұрарбек Мадияр Тұрарбекұлы,** "Құқықтану" Білім беру бағдарламасының 1 жылдық магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

**НАОКО ҮЙЛЕСТІРУШІСІ**
**Шүрен Жазира Бақытбекқызы,** ЖОО және ҒЗИ аккредиттеу департаменті, білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (IQAA)

Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности.

## 6В02303 - «ФИЛОЛОГИЯ» *ББББ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІҢ ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ІСІНІҢ НАҚТЫ ЖАЙ-КҮЙІНЕ СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙ*

| Стандарт | Өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің әрбір стандарт үшін ЖОО-дағы істің нақты жай-күйіне сәйкестік деңгейін белгілеңіз | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Толық сәйкестік | Елеулі сәйкестік | Ішінара сәйкестік | Сәйкессіздік |
| *Стандарт 1*<br>Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат және академиялық адалдық | + | | | |
| *Стандарт 2*<br>Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару | + | | | |
| *Стандарт 3*<br>Студентке бағдарланған оқыту, білім беру және бағалау | + | | | |
| *Стандарт 4*<br>Студенттерді қабылдау, үлгерімі және сертификаттау | + | | | |
| *Стандарт 5*<br>Профессор-оқытушылар құрамы | + | | | |
| *Стандарт 6*<br>Оқу ресурстары және студенттерді қолдау | + | | | |
| *Стандарт 7*<br>Жұртшылықты ақпараттандыру | + | | | |

## *МАЗМҰНЫ*

**1-ТАРАУ**
**САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ**
Кіріспе
ЖОО-ның негізгі сипаттамасы
**2-ТАРАУ**
**САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ**
Кіріспе
Бағдарламалық аккредиттеу стандартына сәйкестігі
*Стандарт* 1
Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат және академиялық адалдық
*Стандарт* 2
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару
*Стандарт* 3
Студентке бағдарланған оқыту, білім беру және бағалау
*Стандарт* 4
Студенттерді қабылдау, үлгерімі және сертификаттау
Стандарт 5
Профессор-оқытушылар құрамы
*Стандарт* 6
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау
*Стандарт* 7
Жұртшылықты ақпараттандыру
**3-ТАРАУ**
**ҚОРЫТЫНДЫ**
**ҚОСЫМША**
*Қосымша 1*
Сыртқы сапардың бағдарламасы
*Қосымша 2*
Сұхбатқа барлық қатысушының тізімі
*Қосымша 3*
ЖОО-да қосымша қаралған құжат тізімі

# *1-ТАРАУ*
# *САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ*

## *КІРІСПЕ*

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің 6В02303 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби маман дайындау ісін 2020-2021 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. № 319 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 ж. 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың «2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (ҚР Үкіметінің 27.12.2019 ж. № 988 қаулысы), «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы), ҚР БҒМ-нің 25.07.2020 ж. берілген KZ 84LAA00018477 лицензиясы негізінде, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Бұйрық №604. ҚР БҒМ 2018 ж. 31 қазан) сәйкес жүзеге асырылып келеді.

6В02302 – «Филология» білім беру бағдарламасы мақсаты мен міндеттері Қазақстан Республикасы және Қазақстан Республикасының динамикалық дамуына әсер етуші мәдениет және өнер, білім, экономика, құқық саласына қажетті, Болон декларациясының принциптеріне сәйкес кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандар дайындау болып табылады. Аталған бағдарлама аясында тіл мен әдебиеттің жаңа парадигмаларын дамытатын, Қазақстанның ғылым және білім беру орталықтарында, заманауи зерттеулер жүргізуге ықпал ететін, өз жұмыс нәтижесі үшін қоғам мен мемлекет алдында жауапкершілігін терең түсінетін отандық және сыртқы еңбек нарығының қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыратын, бәсекеге қабілетті, жоғары білікті филолог мамандарды сапалы даярлау жоспарланған.

*Кафедрада 14 оқытушы-профессорлық құрам жұмыс істейді:*

1 ғылым докторы, профессор; 9 ғылым кандидаты (оның 5-і профессор м.а., 4-і доцент); 3 магистр. Кафедраның ғылыми әлеуеті 78 %-ды құрайды.

*Студенттер контингенті:* Күндізгі оқу нысаны бойынша – 152 студент.

*2-ТАРАУ*
*САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ*

## СТАНДАРТ 1.
## САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

6В02303 - «Филология» білім беру бағдарламасы ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің бөлігі болып табылатын, миссияға сәйкес әзірленген университеттің 2023-2029 жылдарға арналған университеттің стратегиялық дамыту жоспары мен Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын негізге алады.

Сапа саясаты СМЖ-ның негізгі құжаты болып табылады, ол мақсаттар мен қызметтің негізгі бағыттарын белгілейді, оны іске асыру осы мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Yessenov University сапа саясаты 2023 жылдың 6 қыркүйегінде жаңартылды және бекітілді. https://drive.google.com/file/d/1mXdMfGAaMvYGT1OBvicOZZqpArDRPjBR/view?usp=sharing

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаттың мақсаты – білім беру, ғылыми және басқарушылық қызметтің тиімділігін арттыру, сондай-ақ кәсіпорындар, бизнес-құрылымдар мен қоғамдық ұйымдарды тарту арқылы білім, ғылым және инновацияларды кіріктіру. Бұл саясатты енгізуге, іске асыруға ішкі және сыртқы мүдделі тұлғалар тиісті құрылымдар мен үдерістер арқылы қатыса алатындығы құжаттар арқылы да, сұхбат барысында да айқындалды.

6В02303 - «Филология» білім беру бағдарламасының жалпы міндеттері: бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудың көпдеңгейлі жүйесін ары қарай дамыту және жоғары сатыға көтеру; ПОҚ-ның кәсіби біліктілігін, олардың жаңа технологиядарды меңгеру деңгейіне үйлесімді шарттарды арттыру; студенттердің әлемдік ақпараттық қорларды кеңінен қолдана алу мүмкіндігін дамыту; оқу үдерісін әдістемелік-инновациялық тұрғыдан қамтамасыз ету; студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелі болуын дамыту; мамандарды еңбек шартының талаптарына сай, мақсатты дайындау арқылы еңбекпен қамтамасыз ету; элективті пәндерді оқу жоспарына енгізу арқылы білім беру бағдарламасының сапасын арттыру.

Университет оқу үдерісінің барлық қатысушылары мен басқа мүдделі тұлғалар үшін білім беру бағдарламаларының сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесі туралы ақпаратқа еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді, ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың тығыз әрекеттестігін ұйымдастырады. Сонымен қатар, персонал саясат жайлы ақпараттық стендтер арқылы, құрылымдық бөлімшелердің отырыстарында танысады.

Аудит кезінде және сұхбат барысында университет сапаны қамтамасыз ету қызметін келесідей бағыттар бойынша жүзеге асыратындығы айқындалды: ғылым мен тәжірибе жетістіктері, халықаралық, ұлттық

стандарттар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды енгізу негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуына бағытталған білім беру бағдарламаларын іске асыруға қажетті жағдайлар жасалынғандығы; өзекті ғылыми зерттеулер жүргізілетіндігі; оқытудың инновациялық технологияларын енгізу мен одан әрі дамыту үшін жоғары мектептің материалдық-техникалық базасы уақытылы жаңартылатындығы; зерттеуге негізделген оқыту түрлері іске асырылатындығы: мүдделі тараптар мен олардың талаптары туралы ақпаратты мерзімді бақылап, талдап отыратындығына көзіміз жетті.

***Айғақтар:***

Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі критерийі білім алушылардың кемінде 240 ECTS игеруі болып табылады.

Білім беру бағдарламасы мақсаттарын бағалау және таңдау пәндерін толықтыру үшін ПОҚ, қызметкерлер мен студенттер, жұмыс берушілер мен басқа мүдделі тұлғалар арасында сауалнамалар жүргізу арқылы білім беру сапасы жандандырылып отырады.

ПОҚ және білім алушылармен сұхбат барысында олардың мамандандырылған аккредитацияның мақсат-міндеттерімен жақсы таныс екендіктері айқындалды.

Іс-тәжірибе базаларымен іскерлік қарым-қатынас орнатылған.

***Ұтымды жақтары:***

Білім беру бағдарламасының мақсаттары ашық, айқын, білім беру жүйесінің барлық бағыттарын қамтиды. Білім беру бағдарламасының мақсаттары тұтынушылар талаптарын қанағаттандырады, қоғам, экономика, еңбек нарығы қажеттілігін өтеу міндеттерін қамтиды. Мақсаттарға қол жеткізудің тиімді механизмдері бар. Білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлауда ұлттық және аймақтық мүдделер ескерілген.

Білім беру бағдарламасының айқындығы мен дамуы қоғам, экономика, еңбек нарығы сұраныстарына сәйкес. Білім беру бағдарламасының стратегиялық менеджменті бакалавриаттық білім беру бағдарламасының іске асырылуын толық қамтиды, тиімді, тұрақты болуына бағытталған.

БББ даярлаушы ПОҚ-ның жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейі, материалдық-техникалық база, кітапхана қоры мен ақпараттық қор маман дайындауға толықтай мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасы бойынша студенттер қабылдау тұрақталған. ББ түлектерінің сұранысқа ие болуы және мамандықтың жоғары кадрлық құрамы талапкерлердің келуін қамтамасыз етеді.

Университетте академиялық еркіндік оқытушылар құрамын қалыптастыруда, студенттерді қабылдауда, оқу бағдарламаларын, жоспарларын, сапа стандарттарын жасауда ескеріледі, бұл академиялық саясатты өздігінше анықтауға және мүдделі тараптардың қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

ҚР заңнамасының негізгі ережелерін, ҚР Президентінің Жарлықтарын түсіндіруге және талқылауға, жауапкершілікті және белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-

қимыл жөніндегі мәдени – бұқаралық іс-шаралар кешенін іске асыру мақсатында университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес құрылған.

Құжаттармен танысу барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарлы түрде өткізілетіндігін көрдік. Университет веб-сайтында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» деп аталатын парақшасы бар, онда Этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі уәкіл мен Сәйкестік жөніндегі уәкілдің байланыс ақпараты бар. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген іс-шаралар туралы материалдар орналастырылған. Ашықтық қағидатын сақтау мақсатында университетте call-центр, веб-сайттағы ректор блогы, әлеуметтік желілер жұмыс істейді. https://yu.edu.kz/stopcorruption/

Директорлар кеңесі отырысының шешімімен (2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 10 хаттама) комплаенс қызметі құрылды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже бекітілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің негізгі мақсаты университет пен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының орындалуын бақылау болып табылады. https://yu.edu.kz/stopcorruption/

Университет мүдделі тараптарды өз қызметі туралы ресми сайт арқылы хабардар етуді қамтамасыз ететін https://univer.yu.edu.kz сайты, университеттің Instagram, Facebook, YouTube, Tik-Tok әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшалары бар, сонымен қатар, аймақтық және республикалық БАҚ –ты да пайдаланатындығы да айқындалды.С

Студенттер контингенті тұрақты түрде кәсіби бағдар жұмысы атқарылатындығын көрсетіп отыр.

## СТАНДАРТ 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ

6В02303- Филология білім беру бағдарламасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Ұлттық біліктілік шеңберінің, Еуропалық біліктілік шеңберінің, салалық біліктілік шеңберінің, «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы әзірлеген салалық және кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкес әзірленген. Бірінші кезеңде білім беру бағдарламасынның мақсаттары мен міндеттері тұжырымдалған, кәсіби қызмет саласына зерттеу жүргізілген, жұмыс берушілермен кездесулер өткізілген.

Құжаттармен танысу барысында БББ-н әзірлеу жөніндегі жобалау тобының құрамы Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітілетіндігін, оның құрамында оқытушылардан бөлек мүдделі тараптар (студенттер, жұмыс берушілер, сарапшылар) енгізілгендігі расталды. Университетте жұмыс берушілер Кеңесі жұмыс жасайды. олардың

міндеттеріне ұсыныстар енгізу және жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу кіреді. Университет әрдайым мамандар дайындаудың маңызды шарты ретінде жұмыс берушілер мен суденттердің ЖОО-да түлектер дайындау сапасына қанағаттану деңгейін анықтап, бағалап отырады. Осындай мақсатта жұмыс берушілермен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады, Олардың арасында жыл сайын білім беру бағдарламасын жаңарту бойынша студенттердің қанағаттану дәрежесін анықтау бағытында сауалнамалар жүргізілетіндігі және ұсыныстары талданып отыратындығы бұл мәселенің жолға қойылғандығын көрсетеді.

Жұмыс берушілердің талап-тілектерін ескеру мақсатында жұмыс берушілерді БББ құрастыру және ЭПК дайындауға белсенді қатыстыру әртүрлі шаралар түрінде ұйымдастырылып отырады: мемлекеттік құрылымдық бөлімшелермен дөңгелек үстелдер жүргізу; ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою; тәжірибелі қызметкерлерді оқу-әдістемелік семинарлар мен мәжілістерге шақырып, элективті пәндер каталогын талқылау; элективті пәндердің оқу бағдарламаларына сын-пікірлер жазу мен сараптама жасау және т.б.

Пәндерді оқытудың логикалық жүйелілігі пәндердің типтік, оқу-жұмыс бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде пререквизиттер мен постреквизиттер жүйесімен анықталған. Студенттің оқу жұмысы әр оқу жылының семестрлеріне теңдей бөлінген. Оқу жоспарының міндетті компоненттері бойынша білім беру бағдарламасы мазмұны ҚР МЖМБС-қа, оқу-жұмыс жоспарының мазмұны мен құрылымы үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогына сәйкес.

БББ-ның оқу-әдістемелік кешендері толық және студенттерге қолжетімді. Бағдарламада студенттердің тұлғалық дамуына ықпал ететін, арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыратын, шығармашылық қабілетін дамытушы компоненттер бар.

Студенттермен сұхбат барысында олардың эдвайзердің көмегімен мамандықтың үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде өзінің білім алу траекторияларын анықтап, жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құратындықтары айқындалды. Ақпараттық жүйедегі силлабустардың электрондық нұсқасынан студент пәннің пререквизиті мен постреквизитін көре алады, бұл білім алу траекториясын дұрыс құруға негіз болады және пәнді жүргізетін оқытушыны таңдай алады.

6В02303 – «Филология» білім беру бағдарламасында пәндердің оқыту жүйелілігі сақталған және мақсат-міндеті мен құзыреттілігі сәйкес келетін пәндерді бір модульге жинақтау қағидасы ұсталынған, сонымен қатар, студенттің оқу үдерісінің басты мақсатына жетудегі іс-әрекетіне, яғни білім алуына, кәсіби шығармашылық аумағында нақты дағды мен біліктілікті қалыптастыруына бағытталған.

Оқыту нәтижелері бүкіл бағдарлама бойынша да, әр модуль мен жеке пән бойынша да тұжырымдалған, Дублин дескрипторлары негізінде анықталған және құзыреттер арқылы көрсетілген.

Білім беру бағдарламаларының тиімді жүзеге асырылуы сыртқы және ішкі сараптама арқылы бағаланады. Университетте сапаны қамтамасыз ету жүйесінің бір бөлігі болып табылатын БББ үздіксіз сараптамадан өткізу және ішкі бағалау механизмі жұмыс жасайды. БББ сараптамасы мен сапаның ішкі бағалануының үздіксіз механизмі оқу жоспарының орындалуын, олардың жетілдірілуі үшін кері байланыстың бақылануын қамтамасыз етеді.

6В02303 – «Филология» БББ-н бекіту барысында сыртқы жетекші мамандар тарапынан сараптамадан өтеді. Сыртқы сарапшылардың білім беру бағдарламасына, оның білім беру траекторияларына қанағаттану деңгейі сауалнамалар жүргізу арқылы анықталады. Нәтижесі шығарылады, талқыланады, сол арқылы білім сапасын жақсарту шаралары белгіленеді. Бұл сауалнамалар білім беру бағдарламаларын жақсартуға бағытталған түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Сауалнама нәтижесі жұмыс берушілер тарапынан жоғары бағаланғанын көрсетті.

Университетте білім беру бағдарламаларын бақылау, талдау және қайта қарау тәртібі белгіленген. Жыл сайын университетте оқытылатын пәндердің өзектілігін; еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін ғылымның соңғы жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарларының мазмұны қайта қаралады және БББ мазмұны 30 пайызға дейін жаңартылып отырады.

6В02303 – «Филология»»» білім беру бағдарламасы бойынша оқу тәжірибесі, өндірістік және дипломалды тәжірибе түрлері іске асырылады. Дипломалды тәжірибеге 12 кредит бөлінген.

Кәсіби практиканы ұйымдастыру мен өткізу деңгейі мен сапасы маман даярлаудың мақсаты мен талаптарына сай ішкі Ереже негізінде академиялық күнтізбе бойынша, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында бекітілген көлемге сәйкес жүргізіледі.

Нормативтік құжаттарға сәйкес практиканың барлық түрлері бойынша жұмыс бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулық жасалып, бекітілген. Нұсқаулықта практикадан өту барысында студенттерге қойылатын талаптар мен тапсырмалар, практика мазмұны, есеп беру құжаттарының түрлері, олардың рәсімделу үлгілері және т. б. қамтылған.

Кәсіптік практиканың барлық түрлері модульдер бойынша олардың өтуінің пререквизиттері болып табылатын пәндерге сәйкес бөлінген. Білім бағдарламасы бойынша студенттердің кәсіби практикасы «Жаңаөзен» қалалық, облыстық «Маңғыстау», «Мұнайлы» газеттерінде, Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасында, облыстық «Маңғыстау ТВ» телеарнасында, Маңғыстау облыстық «Маңғыстау-Медиада» жасалған келісімшарттар негізінде жүзеге асырылады. Студенттердің есептері практика бағдарламаларына сәйкес келеді.

***Айғақтар:***

6В02303 – «Филология» білім беру бағдарламасы жыл сайын қайта қарастырылып, еңбек нарығындағы өзгерістерге, жұмыс берушілер мен

студенттердің талап-тілектері мен сұраныстарына сәйкес жаңартылып отырады.

БББ құжаттары мен мақсаттарын дайындауға және жүзеге асыруға оқытушылар мен студенттерді жұмылдыру жұмысы факультеттер мен бөлімдердің мақсаттарын айқындау арқылы, профессорлық-оқытушылық құрам қатарынан білімді эксперттерді бағдарлама құжаттарын дайындауға жұмылдыру арқылы жасалынады.

БББ нәтижелеріне қанағаттану дәрежесін анықтау мақсатында студенттермен сауалнама жүргізу арқылы мониторинг жүйелі түрде жүзеге асырылатындығы сұхбат барысында дәлелденді.

Студентке оқытудың кредиттік технологиясы жайлы практикалық ақпарат беретін ақпараттық-анықтамалықтың электрондық нұсқасы университет сайтында, сонымен қатар, оқу үдерісін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйедегі әр студенттің жеке парағында берілген.

***Ұтымды жақтары:***

6В02303 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриаттық білім беру бағдарламасы ғылыми, теориялық және кәсіби, әлеуметтік құзыреттіліктерге бағытталған тәжірибелік талаптарға сай құрылған. Білім беру бағдарламасы оқу жоспарын құруға, білім беру бағдарламасы мазмұнын модульдік қағидаларға сәйкес жоспарлауға, кредитті есептеу жүйесіне сәйкес білім беру технологияларын пайдалануға негізделген оқу үдерісін ұйымдастырудың кредиттік-модульдік жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Өңірлік жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып, сондай-ақ студенттердің сұраныстары бойынша пәндердің енгізілуі. Жүргізілетін барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер құрастырылған. Студенттер силлабустар мен қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілген. Барлық оқу-әдістемелік материалдар мен дәрістердің электрондық нұсқалары, электрондық оқулықтар, тест жинақтары университет кітапханасында жинақталған.

Білім берудің модульдік бағдарламасы жалпы білім беру, базалық, кәсіптік циклдар бойынша құрастырылған, мазмұны осы заманғы мамандарды оқыту жоспарына қойылатын талаптарға сәйкес.

***Жақсарту шаралары:***

Кафедраның ғылыми әлеуетінің жоғарылығын ескере отырып, Филология ББ бойынша магистратура білім беру бағдарламасын ашу оң шешімін тапсын.

## СТАНДАРТ 3. СТУДЕНТКЕ БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Студенттің дербестігі мен сыни қабілетін арттыруға бағдарланған оқыту университетте тиімді жүзеге асырылуда. Оқыту үдерісі оқытушы мен студент арасындағы сыйластық пен ынтымақтастыққа, бірлескен қызметке

құрылған. Білім беру ортасы студенттің дара тұлғалық пен кәсіби өсуге, өз бетінше жұмыс жасауға дағдылануға ұмтылуы сияқты сапалық қасиеттерін қалыптастырып, дамытуға жұмыс жасайды.

Университеттегі оқу процесі үнемі жаңа білім беру технологияларын енгізуге, жаппай компьютерлендіруге және ақпараттандыруға, оқыту мен бақылаудың жаңа техникалық құралдарын қолдануға, тәуелсіз білім аудиті қағидаттарын іске асыруға бағытталған. Оқу үрдісінде электронды оқулықтар, компьютерлік оқыту бағдарламалары, мультимедиалық технологиялар, бейнедәрістер қолданылады. Практикалық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу мақсатқа жетуге бағытталған. ПОҚ арнайы техникалық ақпараттық құралдар (дербес компьютер, аудио және бейнематериалдар) сияқты жаңа техникалық құралдарды белсенді қолданады. Олармен қатар оқытудың компьютерлік (жаңа ақпараттық) технологиялары және білім алушылармен өзара әрекеттесуге бағдарланған белгілі бір педагогикалық міндеттерді шешуге арналған әртүрлі бағдарламалық-техникалық құралдар пайдаланылады.

Барлық практикалық сабақтар силлабустарда жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған. Силлабустарда пән бойынша оқыту нәтижелерімен өзара байланысты практикалық сабақтарды бағалау әдістері көрсетілген.

Студент эдвайзердің көмегімен бірінші академиялық кезеңнің басында өзінің жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) барлық оқу кезеңіне қалыптастырады (қажет болған жағдайда жыл сайын түзетілуі мүмкін). 1-курс білім алушылары үшін оқу пәндеріне жазылу оларды қабылдағаннан кейін бағдарлау аптасы ішінде 30 тамызға дейін, ал келесі курстардың білім алушылары үшін университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес жүргізіледі. Пәндер туралы ақпарат, олардың қысқаша сипаттамасын қоса алғанда, бітіруші кафедралар мен эдвайзерлер білім алушылардың назарына жеткізетін пәндер (Модульдер) каталогында болады, сондай-ақ «Canvas» жүйесінде және университеттің веб-сайтында орналастырылады.

Академиялық талаптарға сай келмейтін студенттерге академиялық қолдау көрсету үшін университетте кеңес беру, қосымша сабақтар өткізу, қосымша семестр ұйымдастыру қолданылады.

Емтихандарды белгіленген мерзімде дәлелді себептермен (ауру, отбасылық жағдайлар, табиғи апаттар) тапсыра алмаған студенттерге тіркеу кеңсесі растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін сынақтар мен емтихандарды тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді. Академиялық қарызы бар студенттер академиялық күнтізбеге сәйкес жазғы семестрде оқытылады.

Стандартта белгіленген бағалау критерийлері негізінде студенттерді ашық және бейтарап бағалау тетіктері көрсетілген. Бағалау саясаты студенттердің жеке кабинеттерінде орналастырылған пәндердің силлабустарында көрсетілген.

Аралық аттестаттау арнайы құрылған комиссия арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, бағалаудың шынайылылығын қамтамасыз ету үшін бірінші басшының бұйрығымен сараптамалық комиссия құрылады.

Yessenov University-де білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі. Білім алушылардың білім беру траекториясы бойынша ілгерілеуі автоматтандырылған ақпараттық жүйенің электрондық журналы арқылы қадағаланады.

Студенттердің нәтижелілігінің ең негізгі көрсеткіші болып табылатын білім беру үдерісінің сапасын анықтау мақсатында «Студенттердің білім беру үдерісіне қанағаттануы»; «Студенттер мен түлектердің оқу бағдарламасын жүзеге асыру сапасына қанағаттануы» атты сауалнамалар жүргізіліп, нәтижесі талқыланған.

Студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін шығармашылық үйірмелер, спорттық секциялар және қызығушылықтары бойынша клубтар жұмыс істейді. Университетте Тәрбие жұмысының Тұжырымдамасы бекітілген, студенттік өзін-өзі басқару «Union of Yessenov University» жұмыс істейді.

Кафедрада СҒЗЖ жандандыру мақсатында «Филология» ББ студенттерімен түрлі деңгейдегі конференцияларға, конкурстар мен олимпиадаларға қатысуға студенттерді тарту бойынша мақсатты жұмыс жүргізілетінін атап айтуға болады.

Студенттердің 15%-дан астамы конференция жұмыстарында баяндама жасап, жеңімпаз атанған. Атап айтсақ, «Тіл, әдебиет және білім беру мәселелері мәдениетаралық қарым-қатынастар контексінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның секциялық отырыстарында «Ы. Алтынсариннің ағартушылық идеялары» (жетекшісі: ф.ғ.к. Ә.Т. Жеткізгенова) атты тақырыбында баяндама оқыған «Фиология» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті Е.Базарбаев 1-орынды, «Әңгіме жанрындағы ұлттық мінез көрінісі» тақырыбында баяндама оқыған «Фиолология» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті А. Мәкішова 2-орынды (жетекшісі: ф.ғ.к. Ж.Т. Қобланов) және «Ұлттық идея және құтты білік дастаны» тақырыбында баяндама оқыған «Филология» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Ұ. Абзалқызы (жетекшісі: ф.ғ.к. А.С. Бүркітбаева) 3-орынды жеңіп алған.

2024 жылдың қаңтар айында «Филология» білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері А.А. Бисенованың «Маңғыстаулық ақын Ақшагүл Рамазанованың қазақ поэзиясындағы орны» және А.Ж. Сундеттің «Маңғыстау облысының ономастикалық сипаты» атты ғылыми-зерттеу жұмыстары студенттердің Республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының сайысына жолданған (жетекшісі: ф.ғ.к. Н.С. Қамарова).

«Филология» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті А.А. Бисенова Уфа қаласында (Башкирия) өткен тілдік емес гуманитарлық мамандықтардың студенттері арасында «Шет тілі (ағылшын тілі)» бойынша

өткен халықаралық олимпиадада шетелдік студенттер арасындағы ең жақсы ауызша жауабы үшін дипломмен марапатталған (жетекшісі: ф.ғ.к. А. Искакова).

Ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуына орай университет деңгейінде өткізілген «Қазақ санасының шамшырағы» атты апталықтың аясында «Ұлтына ғұмырын арнаған ұлы тұлға» тақырыбында эссе байқауында 3-курс студенті А. Сүймағанбетова жүлделі 3-орынға ие болған.

***Айғақтар:***

Студенттің жеке білім беру траекториясын анықтайтын оқу жоспары әрбір оқу жылына Білім беру бағдарламасының үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде құрастырылған. Модуль бойынша кредиттерді бөлуде білім алушының еңбек сыйымдылығы ескерілген. Еңбек сыйымдылығын есептеу үшін мониторингтер жүргізіліп, оның нәтижесі талқыланатындығы сұхбат барысында айқындалды.

Университетте мониторинг рәсімін жасау әдістемесі, өлшем құралдары, білімді бағалау шкаласы мен ішкі нормативтері сәйкестендіріліп жасалған ағымдық үлгерім, оқу пәндерінің өткізілу сапасы және де білім алушылар мен жұмыс берушілердің білікті маман даярлауда берілген білімге қанағаттануына қатысты мониторинг өткізіліп отыратындығы бөлім басшыларымен сұхбаттасу кезінде анықталды.

Студенттерге толыққанды медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін ЖОО мен «Reamed» медициналық орталығы арасында шарт жасалды.

Университет пен жатақханаларда студенттердің барлық қызмет түрлері барысында барлық білім беру бағдарламалары бойынша студенттер мен оқытушыларды бірыңғай ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі (мысалы, Web-сайт негізінде) пайдаланылады, студенттерге ыңғайлы жерлерде Интернетке қол жеткізуде студенттерді қолдау үшін Wi-Fi нүктелері бар.

Сұхбаттасу кезінде студенттердің білімділігі, еркіндігі, сындарлығы байқалды.

***Ұтымды жақтары:***

Студенттердің құзіреттілігі және білімді бағалаудың нәтижесі пәнге қатысты бағаланатындықтан әр пәнді игеруде алатын құзіреттіліктері анық жазылған және осы бағытта үнемі жетілдіру жұмыстары жүргізіліп отырған.

Студенттер білім беру бағдарламасының негізгі тұтынушылары болғандықтан оқыту үдерісін қамтамасыз етуде олардың мүдделері бірінші қатарға қойылған.

Электрондық журналдың енгізілуі оқу процесі мен студенттің өзіндік жұмысын әлдеқайда белсендірлендіреді.

Университеттің құрылымдық бөлімшелері студенттерге білім беру бағдарламасын меңгеруде қажетті жағдайды жасап отыр. Студенттерге қолдау көрсету қызметі ұйымдастырылған.

Студенттердің ар-намыс кодексі және оқуға, білім алуға, бағалауға байланысты арақатынасы жақсы жолға қойылған.

***Жақсарту шаралары:***

Студенттік ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасын ұйымдастыру мен жүзеге асыру жолдары қарастырылсын;

## СТАНДАРТ 4. СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМІ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

Университетке қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары және Ш.Есенов атындағы КТИУ-дың қабылдау ережелеріне сәйкес жүргізіледі. https://drive.google.com/file/d/1nMfLbuxzeLjGEzHcDirpxAUHOeOxYvr/view?usp=sharing. Университетке түсетін адамдарды қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын (білім беру гранттарын) орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылуда. 6В02303 – «Филология» БББ-на мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурстық негізде ҰБТ нәтижесі бойынша кемінде 50 балл жинаған студент қабылданған. https://drive.google.com/file/d/1OR2VuqJExPp8wB93OxDx8Zd3WZT1WbAc/view?usp=sharing

Мектеп оқушылары арасында ректор грантын алу үшін пәндік олимпиадалар өткізіліп, олимпиада жеңімпаздарына «Менің таңдауым КТИУ» оқуына жеңілдіктер беріліп келеді.

Жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасын меңгеруде қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға 6В02303 – «Филология» БББ бойынша «Тіл білімі бакалавры» академиялық дәрежесі беріледі.

6В02303 – «Филология» білім беру бағдарламасын толық игерген түлек журналист, тілші, аудармашы, баспа ісі бойынша корректор, мемлекеттік ұйымдарда мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізуші болып қызмет атқара алады.Талапкерлерді конкурс негізінде іріктеу талаптарының деңгейі, түлектердің білім беру стандарты талаптарын орындау дәрежесі, түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуы, жұмыс берушілердің пікірлері Білім беру бағдарламасының нәтижелілігін көрсетеді.

Мектеп түлектері арасында университетке түсу ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары үнемі жүргізіліп отырған. 6В02303 – «Филология» БББ туралы ақпарат, оқыту шарттары және болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндіктері сайтта орналастырылған және мүдделі тұлғаларға «оқыту», «түсушілер», «түлектер» бөлімдерінде қолжетімді анық көрсетілген.

Талапкерлер үшін университет веб-сайтының жеке бөлімінде қабылдау комиссиясының ЖОО-ға оқуға түсу шарттары көрсетілген. https://univer.yu.edu.kz

Шетел азаматтарын Университетке ақылы негізде оқуға қабылдау

күнтізбелік жыл ішінде қабылдау комиссиясы өткізген сұхбат нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл жағдайда шетелдік азаматтарды қабылдау келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

***Айғақтар:***

Өңір бойынша мектеп түлектері арасында сауалнама жүргізілген.

Облыстық. аудандық, қалалық білім бөлімдерінің, мектептер мен колледждердің электрондық деректері үнемі жаңартылып отырған;

Облыстық білім басқармасымен, қалалаық білім бөлімімен өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалған;

Кәсіптік бағдар беру жұмысы ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде белсенді түрде жүргізіліп, университет сайты, Instagram, Facebook, Telegram, You tube әлеуметтік желілері, ЧАТ арқылы өзекті ақпараттарды тарату ұйымдастырылған.

Әлеуетті жұмыс берушілерді тарту мақсатында жыл сайын бос орындар жәрмеңкесі өткізіліп отырады;

Әлеуметтік пакетте Есенов университетінде оқуға түскісі келетін талапкерлерге және білім алушыларға (2-5 курс, магистранттар, докторанттар) әлеуметтік қолдау көрсету көзделген https://yu.edu.kz/osnovnye-dokumenty/.

Әртүрлі GPA деңгейлері бар студенттердің үлгерімін, дипломдық жұмыстарын (жобаларды) орындау және қорғау нәтижелерін, білім беру бағдарламасының түлектері туралы деректер мен оқу нәтижелерін талдау үшін статистикалық деректердің электрондық базасы жасалынған. Бұл Kanvas ақпараттық платформасына енгізілген, ол оқу үдерісіне толығымен кіріктірілген және оқытушыларға, студенттерге оқу материалын ыңғайлы түрде беруге, білім бақылауын жүргізуге, сабаққа қатысуын белгілеуге мүмкіндік береді.

Студенттер арасында жүргізілетін сауалнамалар білім беру бағдарламаларын жақсартуға бағытталған түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Сауалнамаларда оқытушының кәсіби және жеке дара қасиеттерін анықтауға көмектеседі: өз пәнін меңгеруі, шығармашылық белсенділігі, сөйлеу мәдениеті, пәнге қызықтыра алуы, принципшілдік, өзін-өзі ұстауы, талап ете алуы т.б. Сауалнама нәтижелері арқылы оқытушылардың жеке кескін-келбеті қалыптасады, ПОҚ, БББ мен факультеттің рейтингі есептеледі.

Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2011 жылдың 18 сәуірде № 6752 тіркеуден өткен «Ш.Есенов атындағы КТИУ түлектерінің қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі негізінде әр кафедраларда өткен жылдардағы түлектермен байланыс орнату үшін жұмыс жүргізіледі. Университет сайтында «Ш.Есенов атындағы КТИУ түлектерінің қауымдастығы» парақшасы бар.

***Ұтымды жақтары:***

Студенттердің үлгеріміне қарай оқу ақысына жеңілдіктер қарастырылған, сонымен қатар, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан

шыққан студенттерге, жетім балалар мен мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

Білім беруді ұйымдастыруда қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай құру және оқу үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында университетте психологиялық орталық жұмыс істейді.

Кәсіптік бағдар беру белсенді түрде жолға қойылған, жұмыс берушілермен тығыз байланыс бар.

Әлеуметтік қоржын мазмұны маңызды мүмкіндіктермен қамтылған.

Бітіруші түлектермен тығыз байланыс орнатылған.

## СТАНДАРТ 5.
## ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

